



**«Ақмола облысы білім басқармасы, Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Васильковқа  
ауылының негізгі орта мектебінің  
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
2023-2024 оқу жылына арналған  
ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Педагогикалық кеңесте қарастырылды

« 31 » *тамау* 2023 жыл хаттама

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұнын арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шанырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмысу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жегі ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұрағын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

#### **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтиже:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары Ар-ұят құндылығы;
  - Академиялық адалдыққа ие болатын қолдау;
  - Адал еңбекті құрметтеу;
  - Сөзіне берік, ісіне адал болу;
  - Халқына адал қызмет ету
  - Әдеп нормаларын ұстану;
  - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
  - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
  - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.
- Күтілетін нәтижесі:
- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
  - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
  - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
  - Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
  - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.
- Талан құндылығы:
- Сыни және креативті ойлау;
  - Жеке және командамен жұмыс істей білу;
  - Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
  - Физикалық белсенді болу;
  - Салауатты өмір салтын ұстану;
  - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
  - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
  - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.
- Күтілетін нәтижесі:
- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
  - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
  - Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасаппаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

### **Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі**

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

*Ұсынылады:*

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өгірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширағу жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

### **6-10 жастағы бала тәрбиесі**

*Ұсынылады:*

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату») өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сакқұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы онын қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға камқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

### **Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)**

*Ұсынылады:*

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейсік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның ерскетерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

### **Жастар тәрбиесі (15-18 жас)**

*Ұсынылады:*

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауашкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

**Білім беру ұйымдары мен педагогтардың міндеті:**

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету; жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

**Облыстық әдістемелік орталықтар мен кабинеттерінің әдіскерлері** «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертификацталған тренерлері** білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:**

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары өкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

**Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге арналған консультациялар)

білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша аға-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Қонысқа жеткендердің орындарын бөлісу және басшылық жасау білім ұйымдары және Бірінші басымдарына жүгіртуді

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегтеу

**ТӨРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

**ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ**

**АР - ҰЯТ**

**ТАЈІАП**

№	Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ТАМЫЗ АЙЫ БОЙЫНША</b>			
<b>ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫ</b>			
1	1. Мектеп балалар ұйымының жұмыс жоспарын талқылау және талқылауға ұсыну 2. Мектеп Парламенті президентін сайлау күнін бекіту. 3. Оқу жылының тәрбие жұмыс жоспарын қарастыру, талдау. 4. Сынып жетекшілер ӘБ жұмыс жоспарын таныстыру және талдау	Хаттама Жоспар бекіту 25.08.2023.	ДТЖО, Педагог – ұйымдастырушы, аға тәлімгер, психолог,
2	№1 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы	Хаттама Тамыздың ІІ аптасы	Мектеп директоры
3	«Жашай оқыту» және «Мектепке жол» акциясы айлығы (жоспар бойынша)	Анықтама Ай бойы	Әлеуметтік педагог
4	Аудан мектептерінде «Жаз-2023» кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру жағдайы	Анықтама Тамыз айының ІҮ аптасы	ДТЖО
5	Жалпы аға-аналар жиналысы: (график бойынша)	Хаттама Тамыз айының ІІІ аптасы	Мектеп әкімшілігі
6	30 тамыз – Конституция күні. Құттықтау бейнеролик жариялау.	Әлеуметтік желілерге жариялау 30.08.2023	ДТЖО, сынып жетекшілер

## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Гіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

### СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

	Ережелер мен жадынамалар, нұсқаулықтар	Мектеп әкімшілігі
1	Мектепшілік ережелерді таныстыру. Оқушыларды, барлық мектеп ұжымын өмір қауіпсіздік ережелермен таныстыру, нұсқаулық жүргізу	Директордың жанындағы кеңес
2	Сынып паспортын жасау	Сыныптың әлеуметтік паспорты
3	Балалардың қызығушылықтарына сәйкес үйірмелер мен секциялар жұмыстарын ұйымдастыру.	Сынып жетекшілер және әлеуметтік педагог  ДТЖО.

### АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

1	Сыныпшілік ата-аналар жиналысы	Хаттамалар, әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер
<b>«Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау» ұлттық жобасы аясында «АТАЛАР», «ӘЖЕЛЕР», «ӘКЕЛЕР», «АНАЛАР» МЕКТЕПТЕРІМЕН ЖҰМЫС</b>			
1	Мектептегі ата-аналарды педагогикалық психологиялық қолдау бағдарламасымен таныстыру	Хаттама	ДТЖО
2	«Аталар», «Әжелер», «Әкелер», «Аналар» мектептерінің жұмысын жандандыру және жүзеге асыру	Фото-есеп, желіге жариялау	Клуб жетекшілері

3	<p>Отбасы күніне арналған іс-шаралар ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша)</p> <p>Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру</p> <p>Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</p>	<p>Отбасы күніне арналған іс-шаралардың видеосын жариялау және әзірлемелер</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сынып жетекшілер, аға тәлімгер психолог, әлеуметтік педагог</p>
4	<p>«Тоғыз айға- 9 іс-шара»</p> <p>«Дене серігу» челленджі</p> <p>Талап: физикалық белсенді болу.</p> <p>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</p> <p>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</p>	<p>Әлеуметтік желілерге жариялау</p> <p>08. 09.2023</p>	<p>Аға тәлімгер дене шынықтыру пәні мұғалімдері</p>
5	<p>«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» апталық («Жеткіншектің жегі жарғысы» жобасы)</p> <p>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</p> <p>Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	<p>Іс-шаралар әзірлемесі</p> <p>Қыркүйектің II аптасы</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, аудандық жергілікті жол полициясы өкілдері</p>
6	<p>«Еңбек күні» мерекесін өткізу (жеке жоспар бойынша)</p> <p>Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p> <p>Ар-ұят: халқына адал қызмет ету</p>	<p>18-27.09. аралығында</p>	<p>Сынып жетекшілер</p>
7	<p>«Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)</p> <p>Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</p>	<p>Сынып сағатының жоспары</p>	<p>Сынып жетекшілер</p>

**МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС**

	Бірлескен жоспар	Мектеп инспекторы
<p>1 Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі қызметкермен бірлескен жоспардың жұмысын ұйымдастыру және іске асыру</p>	<p>Бірлескен жоспар</p>	<p>Мектеп инспекторы</p>
<p>2 Республикалық «Жасөспірімдер» айлығының басталуы жас полицей көмекшілерін жасақтау, жол қауіпсіздігін алдын алу «Қауіпсіз жол», «Абайлаңыз балалар» (жеке жоспар бойынша)</p>	<p>Іс-шаралар әзірлемесі  Әлеуметтік желіге жариялау</p>	<p>Сынып жетекшілер  Әлеуметтік педагог  Аға тәлімгер</p>
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОҒАН)</b>		
<p>№ Іс-шараның атауы</p>	<p>Аяқталу нысаны</p>	<p>Жүзеге асырушы жауапты мамандар</p>
<p>1 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» Талап: білуге, жананы тануға құштар болу Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	<p>Салтанатты жиынның әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау #Bilim_quni хэштегі 01.09.2023.</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер</p>
<p>2 Тілдер онкүндігін ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша) (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалығы») Ұлттық мүдде: салауатты өмір салтын ұстану Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</p>	<p>Әлеуметтік желіге жариялау  Есеп 5-15.09.</p>	<p>Тіл мамандары</p>
<p>Біртұтас тәрбие бағдарламасына байланысты мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспарын бекіту</p>	<p>19.09.2023.</p>	<p>ДТЖО</p>

8	«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	Жылдық жоспар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кітапханашы сынып жетекшілер
9	Мектеп көшбасшыларының отырысы. («Жас Ұлан», «Жас қыран», өзін-өзі басқару ұйымдарының және «Адал ұрпақ», дебат клубының отырысы)	Хағтама Әлеуметтік желіге жариялау	Аға тәлімгер және дебат клубының жетекшісі
10	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау. Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу	Іс-шара әзірлемесі 12.09.2023.	Тіл мамандары
11	Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау І кездесу Ұлттық мүдде: Ар-ұят: Талап: (Өтілетін тақырыптарға сай құндылықтарды және олардың индикаторларын тандау)	Әзірleme Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты сынып жетекшілер
12	Арнайы мамандармен профиллактикалық жұмыс (қыздар және ұлдар жиналысы) Алдын алу түсіндірме жұмыстары Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	Хағтама 20.09.2023.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары медбике, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог психолог
13	«Электрондық темекінің зияны» Талап: салауатты өмір салтын ұстану	Жоспар	Медбике Психолог

		25.09.2023.		Кітапханашы , тіл мамандары
14	Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл Талап: білуге, жананы тануға құштар болу Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	Әзірлемелер. Әлеуметтік желіге жариялау		
15	Акындар айтысы. (жеке жоспар бойынша) Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау. Ұлттық мәдениетті дәріштеу	Аудандық іс-шараға қатысу. Әлеуметтік желіге жариялау		Жауапты мұғалімдер
16	Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық зомбылықсыз өмір» (буллинг, кибербуллинг) Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу Ар-ұят: халқына адал қызмет ету	Сынып сағатының жоспары Сынып жетекшілердің жоспары бойынша		Сынып жетекшілер
17	Терроризм мен экстремизмнің алдын-алу оқу-жаттығулары	Фото есеп, әлеуметтік желіге жариялым		АӨТД пәнінің мұғалімі Жауапты маман
18	1,5 сыныптардың бейімделуін зерттеу	Анықтама		Мектеп психологы
19	№ 1 Алдын алу кеңесінің отырысы	Қыркүйектің ІҮ - аптасы		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Психолог, сынып жетекшілер

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1.	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	Өлеуметтік желіге жариялау	Мектеп кітапханашысы
2	«Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер

	Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету			
3	«Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегем!» ұстаздарға арналған мерекелік құттықтау	Мереке әзірлемесі	Кәсіподақ ұйымының төрағасы ДТЖО Аға тәлімгер Аға тәлімгер	
4	Дублер күні Ар-ұят: адал еңбекті құрметтеу Талап: дұрыс қарым-қатынас орнаға білу Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	Фото, видео есеп Бірыңғай дублер күні		
5	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу	Сынып сағатының жоспары Фото есеп	Сынып жетекшілер	
6	«Қоғамдық игілікке қызмет ету» жалғыз басты қарияларға шаруашылық көмек көрсету «Еңбегі адал жас өрен» жобасы Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу Ар-ұят: халқына адал қызмет ету Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	Фото есеп. Әлеуметтік желіге жариялау	Еріктілер ұйымының жетекшісі	
7	«Тоғыз айға- 9 іс-шара» Әнұран айту челленджі	23.10.2023.	ДТЖО Музыка пәнінің мұғалімі	
8	«Жас Ұлан» және «Жас қыран» ұйымдарына белсенді оқушыларды салтанатты қабылдау	Әзірleme Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялау	Аға тәлімгер	

9	<p>Республика күнін ұйымдастыру. (жеке жоспар бойынша) (25-қазан Республика күні) «Ұрпаққа аманат» жобасы</p> <p>Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.</p> <p>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</p>	<p>Іс-шара жоспары, әзірлемелері әлеуметтік желілерге жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, тарих пәнінің мұғалімі</p>
10	<p>Жайдарман ойыны</p> <p>Талап: білуге, жананы тануға құштар болу</p> <p>Талап: жеке және командамен жұмыс істей білу</p>	<p>Команда құрамы</p>	<p>Аға тәлімгер</p>
11	<p>«Өмірге «ИӘ» деп айт!» ақпараттық науқан</p>	<p>Әзірлеме Фото есеп Желіге жариялым</p>	<p>Мектеп психологы</p>
12	<p>«Спандияр Көбеев шығармашылығы» (Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл)</p> <p>«Мен жастарға сенемін» шығармашылығынан мәнерлеп оқу байқауы</p>	<p>Әзірлеме Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым</p> <p>Әзірлеме Фото есеп</p> <p>Әзірлеме Фото есеп</p>	<p>Мектеп кітапханашысы</p> <p>Сынып жетекшісі Тіл мамандары</p> <p>Сынып жетекшілер Тарих пәнінің мұғалімі</p>

<p>(Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл)</p> <p>«Шәкәрім – ұлы тұлға» әдеби шығармашылық кеш (Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл)</p> <p>«С. Торайғыров – реалист ақын» (Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл)</p> <p>«Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл» (Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл) Талап: Білуге, жаңаны тануға күштар болу</p> <p>ТТҚ мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	<p>Әлеуметтік желіге жариялым</p> <p>Әзірлеме Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым</p> <p>Әзірлеме Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым</p> <p>Әзірлеме Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым</p>	
--	--	--

	Әзірлеме	Жауапты сынып жетекшілер
<p>13 Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау ІІ кездесу Ұлттық мүдде: Ар-ұят: Талап: (Өтілетін тақырыптарға сай құндылықтарды және олардың индикаторларын тандау)</p>	<p>Әлеуметтік желіге жариялау</p>	
<p>14 Ұшқыр ой аланы. Қарар «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?»</p>	<p>Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым</p>	<p>Дебат клубының жетекшісі</p>
<p>15 «Қарттарым асыл қазынам» мерекелік концерт</p>	<p>Кестеге сәйкес</p>	<p>ДТЖО Аға тәлімгер Музыка пәнінің мұғалімі</p>
<p>16 «Ақындап айтысы» аудандық қорытынды ақындар айтысына қатысу</p>	<p>24.10.2023.</p>	<p>ДТЖО Тіл мамандары</p>
<p>17 Күзгі демалыс (жеке жоспар бойынша)</p>	<p>Жоспар Әзірлемелер Фото, видео есеп</p>	<p>Жауапты мұғалімдер</p>
<p>18 № 2 Алдын алу кеңесінің отырысы</p>	<p>Қазанның ІҮ - аптасы</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер</p>

19	Сынып жетекшілер ӨБ отырысын өткізу II отырыс	Қазанның ІУ - аптасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
20	Күз мезгіліндегі өмір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Нұсқаулықтар Жадынамалар	Сынып жетекшілер
21	№2 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы	Хағтама Әлеуметтік желіге жариялау	«Қамқоршылар Кеңесінің» төрағасы

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1.	Күзгі демалыс (жеке жоспар бойынша)	Жоспар Өзірлемелер Фото, видео есеп	Жауапты мұғалімдер
2	Жалпы мектепшілік және сынып ішілік ата-аналар жиналысы	Хағтама	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
3	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» «Әкелер», «Аналар» мектебі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ар-ұят: отбасының, өз оргасының абыройын асыру Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	Өзірлемелер	Бастауыш сынып жетекшілер
4	«Жемқорлыққа жол жоқ» суреттер байқауы Ар-ұят: халқына адал қызмет ету Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	Оқушылардың суреттерінен көрме	Сынып жетекшілер Аға тәлімгер
5	15 қараша – Ұлттық валюта күні Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу Талап: Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау	Сынып сағатының өзірлемесі	Сынып жетекшілер

6	«Мамандық тандау мандызы іс» мамандық иелерімен кездесу	Өзірлеме Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Кәсіби бағдар жетекшісі
7	«Интернет пен әлеуметтік желідегі оқушы ролі: әлеуметтік желідегі өзін – өзі ұстау мәдениеті» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) Талап: технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерлету. Білуге, жаңаны тануға құштар болу	Өзірлеме Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Информатика пәнінің мұғалімі
8	«Татулық-табыс, бақыт» медшация.	Өзірлеме Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Мектеп психологы
9	«16 қараша Бүкіләлемдік төзімділік күні» әңгіме-сұхбат	Өзірлеме Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Құқық пәнінің мұғалімі
10	«Үл ұятымен, қыз қылығымен» дөңгелек үстел «Аталар» және «Әжелер» мектебі	Өзірлеме Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым	«Аталар» және «Әжелер» мектебінің жетекшісі
11	«Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Асық ату» челлендж	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Үйірме жетекшілері
12	«Төрт тоқсан-төрт өнер» «Алтын сақа» (жеке жоспар бойынша)	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Үйірме жетекшілері

13	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» кездесу «Ұлттық мектеп лигасы» Талап: физикалық белсенді болу Талап: салауатты өмір салтын ұстану	Өзірлеме	Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері
14	Оқушылар арасында сауалнама «Терроризмге қарсы қауіпсіздік» Ар-ұят: халқына адал қызмет ету Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу	Сауалнама нәтижесі	Жаһандық күзіреттілік мұғалімі
15	20 қараша балалар құқығын қорғау күні	Сынып сағатының әзірлемесі Фото видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Сынып жетекшілер
16	Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау ІІІ кездесу Ұлттық мүдде: Ар-ұят: Талап: (Өтілегін тақырыптарға сай құндылықтарды және олардың индикаторларын таңдау)	Өзірлеме Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты сынып жетекшілер
17	№ 3 Алдын алу кеңесінің отырысы	Қазанның ІҮ - аптасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер

## ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛГЫТҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1	«Есірткісіз және ЖҚТБ-сыз әлем» дәріс сабақ	Лекция Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Мектеп медбикесі Мектеп психологы
2	«Зиянды заттар зардабы» медицина қызметкерлермен кездесу	Кездесу әзірлемесі Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Мектеп медбикесі
3	«Гарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау	Сынып сағатының жоспары Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Сынып жетекшілер
4	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	Сынып сағатының жоспары Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Сынып жетекшілер
5	«Менің отбасымның дәстүрі» отбасылық бейнероликтер байқауы	Видеороликтер Әлеуметтік желіге жариялым	Сынып жетекшілер
6	16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттары («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу	Сынып сағатының жоспары Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Сынып жетекшілер

7	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құштар мектеп) жобасы Талап: білуге, жананы тануға құштар болу. Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Мектеп қағазханашысы
8	«Шаңғы шақырады» «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері
9	«Отбасындағы ортақ тіл» Ар ұят: әдеп нормаларын ұстану Ар ұят: отбасының өз ортасының абыройын асыру Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	Хаттама	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
10	Жасөспірімдер ортасында экстремистік идеяларының таралуын алдын алу жұмыстары	Анықтама	
11	«Бала би» шешендік өнері	Фото есеп	Тіл мамандары
12	«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» (психологиялық қызмет және мектептегі тағуласу қызметтерін ұйымдастыру)	Тренинг жоспары Фото есеп Әлеуметтік жобаға жариялау	Мектеп психологы
13	Ала-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау ГҮ кездесу Ұлттық мүдде: Ар-ұят: Талап: (Өгілетін тақырыптарға сай құндылықтарды және олардың индикаторларын тандау)	Әзірleme Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты сынып жетекшілер

14	№ 4 Алдын алу кеңесінің отырысы	Қазанның ІҮ - аптасы	ДТЖО Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер
15	«Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Шығарма жазу: болашаққа хат» челлендж	Фото есеп 13.12.2023. Әлеуметтік желіге жариялым	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Үйірме жетекшілері
16	«Төрт тоқсан-төрт өнер» «Алтын сақа» қорытынды	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі Үйірме жетекшілері
17	Сынып жетекшілер ӘБ отырысын өткізу ІІ отырыс	Желтоқсанның ІҮ - аптасы	ДТЖО
18	«Шырша тойы-2024»	Іс-шаралар жоспары Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Жауапты мұғалімдер тәрбиешілер
19	ІІ тоқсанның аяқталуына орай жалпы мектепшілік және сыныпшілік ата-аналар жиналысы	Хаттама Әлеуметтік желіге жариялау	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
20	Қысқы демалыс жұмысының жоспарын құру таныстыру	Жоспар	ДТЖО
21	Қыс мезгіліндегі өмір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Нұсқаулықтар Жадынамалар	Сынып жетекшілер
22	№3 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы	Хаттама Әлеуметтік желіге жариялау	«Қамқоршылар Кеңесінің» төрағасы

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1	<p>«Елімді жырға қосамын» (Ақмола облысы ақындарының шығармалары) («Бейбіт күннің қаһармандары» жобасы) Ар-ұят: шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	<p>Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялау</p>	<p>Тіл мамандары Мектеп кітапханашылары</p>
2	<p>Кәмететке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың алдын алу</p>	<p>Түсіндірме жұмыстары</p>	<p>ДТТЖО, сынып жетекшілер, Әлеуметтік педагог Мектеп психологы Аға тәлімгер Құқық пәнінің мұғалімдері Аудандық ішкі істер өкілдігі</p>
3	<p>«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Талап: уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	<p>Сынып сағатының жоспары Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялау</p>	<p>Сынып жетекшілер</p>

4	<p>«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»          («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)          Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу          Ар ұят: халқына адал қызмет ету</p>	<p>Сынып сағатының жоспары          Фото есеп          Әлеуметтік желіге жариялым</p>	<p>Сынып жетекші</p>
5	<p>«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»          «Цифрлық гигиена» жобасы          Талап: технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету          Ұлттық мүдде: Қазақстанның онтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу</p>	<p>Әзірлеме          Фото есеп          Әлеуметтік желіге жариялым</p>	<p>Информатика пәнінің мұғалімі</p>
6	<p>«Қалдықтарды табысқа айналдырайық»          («Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы)          Талап: Салауатты өмір салтын ұстану</p>	<p>Көрме</p>	<p>Өзін-өзі басқару ұйымы</p>
7	<p>«Қайырымдылық» акциясы</p>	<p>Фото есеп          Әлеуметтік желіге жариялым</p>	<p>Аға тәлімгер          Әлеуметтік педагог</p>
8	<p>Қауіпсіздік және алғашқы көмек»          Талап: білуге, жаңаны тануға құлштар болу          Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу          Талап: уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау</p>	<p>Іс-шараның Жоспары          Фото есеп          Әлеуметтік желіге жариялым</p>	<p>Мектеп медбикесі          АӘТД мұғалімі</p>

9	«Өмір қымбатсың маған» психологиялық дәріс	Іс-шараның дәріс жоспары Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Мектеп психологы
10	«Кәмелетке толмағандардың қылмыстық, әкімшілік жауапкершілігі» Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану	Анықтама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Мектеп психологы
11	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) Талап: Білуге, жаңаны тануға ұмтылу	Видео Әлеуметтік желіге жариялау	Мектеп кітапханашысы
12	«Адалдық сағаты»	Сынып сағатының әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялым 09.01.2024.	Сынып жетекшілер
13	«Ерте жүктіліктің салдары» «Аналар» мектебі жұмысы	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялау	«Аналар» мектебі
14	«12 қаңтар Д.А. Қонаевтың туған күні»	Танымдық сабақтың әзірлемесі	Тарих пәнінің мұғалімі
15	«Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Қазақ есебі» челлендж	Фото есеп 26.01.2024. Әлеуметтік желіге жариялым	Математика пәнінің мұғалімдері
16	«Төрт тоқсан-төрт өнер» «Ұлттық өнер» ( жеке жоспар бойынша)	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Көркем еңбек және музыка пәнінің мұғалімдері Үйірме жетекшілері

17	№ 5 Алдын алу кеңесінің отырысы	Қазанның ІҮ - аптасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер
18	Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау Ү кездесу Ұлттық мүдде: Ар-ұят: Талап: (Өтілетін тақырыптарға сай құндылықтарды және олардың индикаторларын тандау)	Әзірлеме Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты сынып жетекшілер

## АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сайыстың әзірлемесі Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Мектеп кітапханашысы
2	« Жол ережелерін білейік, аман-есеп жүрейік !» «Жас күтқарушылар» Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу Талап: сыни және креативті ойлау Талап: жеке және командамен жұмыс істей білу	Әлеуметтік желілерде жариялау	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық мұғалімі, аға тәлімгер, төгенше жағдайларға жауапты маман.
3	«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Әдеп сабағының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
4	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	Іс-шараның жоспары/ сценарийі	Сынып жетекші
5	«Өзінді мамандық әлемінен тап»	Сыныптан тыс іс-шараның әзірлемесі	Кәсіби жетекші Сынып жетекші

6	«Ауған асуында от кешкендер» кездесу («Тарихка құрмет» жобасы) Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу	Кездесудің әзірлемесі	АӘТД пәнінің мұғалімі Тарих пәнінің мұғалімі
7	«Поэзия менімен егіз бе еді...?!» Қазақтың ұлы ақыны М.Макабаевтың туған күніне орай әдеби-сазды кеш	Кештің әзірлемесі Фото, видео есеп Әлеуметтің желіге жариялым	Тіл мамандары Музыка пәнінің мұғалімі
8	«Туберкулез қауіпті дерт» туберкулезге қарсы күрес	Видеороликтер Жадынамалар	Мектеп медбикесі
9	«Мен өмірді сүйемін» эссе	Анықтама	Мектеп психологы
10	№ 6 Алдын алу кеңесінің отырысы	Қазанның ІҮ - аптасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер
11	«Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Оқуға құштар мектеп» челлендж	Фото есеп 28.02.2024. Әлеуметтік желіге жариялым	Мектеп кітапханашысы
12	«Төрт тоқсан-төрт өнер» «Ұлттық өнер» ( жеке жоспар бойынша)	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Көркем өнер және музыка пәнінің мұғалімдері Үйірме жетекшілері
13	Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау ҮІ кездесу Ұлттық мүдде: Ар-ұят:	Әзірleme Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты сынып жетекшілер

	Талап: (Өтілетін тақырыптарға сай құндылықтарды және олардың индикаторларын тандау)		
--	--	--	--

### НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1	1 наурыз алғыс айту күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру(Жеке жоспар бойынша)	Фото, видео есеп Әлеуметтік желіге жариялау	Аға тәлімгер
2	«Ана өмірдің шырағы» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру	Сынып сағатының әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекші
3	«Ару қыз, аяулы ана, асыл әже» мерекелік концерт.	Концерттің әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты мұғалімдер Шағын орталықтың тәрбиешілері Мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі
4	«Ал, қанекей әжелер...»	Сайыстың әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	ДТЖО Аға тәлімгер
5	«Герт тоқсан – төрт өнер» «Ұлттық өнер» көрме Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау	Сыныптан тыс іс-шараның әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Көркем еңбек және музыка пәнінің мұғалімдері

	Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу			
6	«Мамандықтар әлемінде» шағын жоба қорғау	Әлеуметтік желіге жариялау	Әлеуметтік желіге жариялау	Кәсіби бағдар жетекшісі Мектеп психологы Әлеуметтік педагог
7	Аудандық «Эко еріктілер» слеті	Фото	Фото	ДТЖО Аға тәлімгер
8	Кибер қауіпсіздік туралы ақпараттық таратпа	Әлеуметтік желіге жариялау	Әлеуметтік желіге жариялау	Информатика пәнінің мұғалімі
9	«Қош келдің, өз-Наурыз» Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу Ар-ұяғ: Әдеп нормаларын ұстану Талап: Сыни және креативті ойлау	Сыныптан тыс іс-шараның әзірлемесі	Сыныптан тыс іс-шараның әзірлемесі	Жауапты мұғалімдер Шағын орталықтың тәрбиешілері Мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі
10	«Ұлттық тағамдар жәрменкесі»	Фото, видео есеп	Фото, видео есеп	«Әжелер», «Аналар» мектебі
11	«Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Домбырашылар» челлендж	Фото есеп 15.03.2024.	Фото есеп 15.03.2024. Әлеуметтік желіге жариялым	Музыка пәнінің мұғалімі Домбыра үйірмелерінің жетекшілері
12	«Төрт тоқсан-төрт өнер» «Ұлттық өнер» қорытынды	Фото есеп	Фото есеп Әлеуметтік желіге жариялым	Көркем өнер және музыка пәнінің мұғалімдері Үйірме жетекшілері
13	№ 7 Алдын алу кеңесінің отырысы	Қазанның ІҮ - аптасы	Қазанның ІҮ - аптасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер
14	Сынып жетекшілер ӘБ отырысын өткізу ІІІ отырыс	Қазанның ІҮ - аптасы	Қазанның ІҮ - аптасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

15	Көктем мезгіліндегі өмір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Нұсқаулықтар Жадынамалар	Сынып жетекшілер
16	Көктемгі демалысты ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша)	Жоспар Әзірлемелер Фото, видео есеп	Жауапты мұғалімдер
17	ІІІ тоқсанның аяқталуына орай жалпы мектепшілік және сыныпшілік ата-аналар жиналысы	Хаттама Әлеуметтік желіге жариялау	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
18	№4 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы	Хаттама Әлеуметтік желіге жариялау	«Қамқоршылар Кеңесінің» төрағасы

### СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

> 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1	«Бас тігу және құмар ойын-ғасыр дерті» әңгіме кездесуі	Анықтама	ДТЖО
2	«Мемлекеттің басты байлығы-АДАМ» адам саудасының алдын алу.	Сынып сағатының әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Жергілікті полиция қызметкері Сынып жетекшілер
3	«Менің таза аудам» бейнероликтер жариялау Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер
4	«12 сәуір ғарышкерлер және Ғылым күні» Талап: білуге, жаңаны табуға құштар болу	Сынып сағатының әзірлемесі	Сынып жетекші

5	«Туған өлкем» «Төрт тоқсан – төрт өнер» Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	Жеке жоспар	Өлкетану және география пәнінің мұғалімдері
6	«Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Шахмат ойнау» челлендж	Фото есеп 12.04.2024. Әлеуметтік желіге жариялым	Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері Үйірме жетекшілері
7	№ 8 Алдын алу кеңесінің отырысы	Қазанның ІҮ - аптасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер
8	Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау ҮІІ кездесу Ұлттық мүдде: Ар-ұят: Талап: (Өтілетін тақырыптарға сай құндылықтарды және олардың индикаторларын тандау)	Өзірлеме Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты сынып жетекшілер
9	1 мамыр халықтар бірлігі күніне орай «Бір шанырақ астында» ұлттар фестивалін өткізу	Өзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты мұғалімдер

		Әлеуметтік желіге жариялау	
9	«Туған өлкем» «Төрт тоқсан – төрт өнер» қорығынды Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	Жеке жоспар	Өлкетану және география пәнінің мұғалімдері
10	«Тоғыз айға- 9 іс-шара» «Жасыл мекен» челлендж	Фото есеп 12.05.2024. Әлеуметтік желіге жариялым	Шаруашылық ісінің менгерушілері Биология пәнінің мұғалімі
11	№ 9 Алдын алу кеңесінің отырысы	Қазанның ІҮ - аптасы	ДТЖО Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекшілер
12	Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау ҮІІІ қорығынды кездесу Ұлттық мүдде: Ар-ұят: Талап: (Өтілетін тақырыптарға сай құндылықтарды және олардың индикаторларын тандау)	Өзірлеме Әлеуметтік желіге жариялау	Жауапты сынып жетекшілер
13	1-маусым балаларды қорғау күні Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	Іс шара жоспары	
14	Сынып жетекшілер ӘБ отырысын өткізу ІҮ отырыс	Қазанның ІҮ - аптасы	ДТЖО
15	Жазғы демалыс мезгіліндегі өмір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Нұсқаулықтар Жадынамалар	Сынып жетекшілер
16	Жазғы демалысты ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша)	Жоспар Өзірлемелер	Жауапты мұғалімдер

## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>КҮНДІЛІКТЕР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1	1 мамыр халықтар бірлігі күніне орай Республикалық «Жас Ұлан» бірінші балалар ұйымына қабылдау	Іс-шараның әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Аға тәлімгер
2	Патриоттық саптық әндер байқауын ұйымдастыру «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы	Әлеуметтік желіге жариялау	АӨТД пәнінің мұғалімі ДТЖО
3	«Жас сарбаз» әскери-спорттық ойын	Іс-шара әзірлемесі	АӨТД пәнінің мұғалімі Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері
4	«Женіс деген шағ күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер
5	«Ерлікке тағзым» Ұлы Отан соғысының майдангерлеріне арналған ескерткіш монументтерге гүл шоғын қою	Әс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	АӨТД пәнінің мұғалімі ДТЖО
6	«Жасыл мектеп» Талап: салауатты өмір салтын ұстану Ар-ұят: адал еңбекті құрметтеу Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету	Әлеуметтік желілерге жариялау	Барлық мектеп ұжымы
7	Орта техникалық және колледж, жоғарғы оқу орындарына саяхат	Фото есеп	Кәсіби бағдар жетекшісі
8	«Кел, сырласайық...» қыздар арасындағы дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел әзірлемесі	«Әжелер» және «Аналар» мектептері ДТЖО Мектеп медбикесі

		Фото, видео есеп	
17	IV тоқсанның аяқталуына орай жалпы мектепшілік және сыныпшілік ата-аналар жиналысы	Хаттама Әлеуметтік желіге жариялау	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
18	№5 «Қамқоршылық Кеңесінің» отырысы	Хаттама Әлеуметтік желіге жариялау	«Қамқоршылар Кеңесінің» төрағасы
19	«Сыңғырла, соңғы қоңырау!» Салтанатты жиын Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
20	31-мамыр репрессия құрбандарын еске алу күні.	Әлеуметтік желіге жариялау	Тарих пәнінің мұғалімі

## МАУСЫМ АЙЫ БОЙЫНША

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>КҮНДІЛІКТЕР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>			
1	1 –маусым халықаралық балаларды қорғау күні	Іс-шараның әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Жазғы мектеп алаңының тәрбиеші жетекшілері
2	4 маусым –ҚР рәміздері күні	Суретте көрмесі	Жазғы мектеп алаңының тәрбиеші жетекшілері
3	Мектеп бітіру кеші	Іс-шара әзірлемесі Әлеуметтік желіге жариялау	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
4	Жазғы мектеп алаңының ұйымдастыру шараларына басшылық пен бақылау жасау	Анықтама Жазғы мектеп алаңының құжаттары	ДТЖО

Орындаушы:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нигматулина Ж.С